АМӨЗ ӘЛЕМІ

30 қазан
2026 жыл
ЖҰМА
№21 (4608)

«АТЫРАУ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ» ЖШС БАСЫЛЫМЫ

1948 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

WWW.ANPZ.KZ



ЖАСЫЛ БЕЛДЕУ

Бір мақсат, мың көшет

Туған қаланың көркеюіне үлес қосу үшін бір мақсатқа жұмылған зауыт қызметкерлері, жас спортшылар, оқушылар мен қала тұрғындары бұл жолы да игі істің басынан табылды. Атырау мұнай өңдеу зауытының санитарлық-қорғау аймағында өткен көгалдандыру акциясында 300 түп ағаш отырғызылды. «20 игі іс» жоспары аясында ұйымдастырылған шара табиғатқа жанашыр жандардың басын қосты.

Көгалдандыру жұмыстары зауыт пен Мирный ықшам ауданы арасындағы 17 гектар аумақта жүргізілді. Акцияға 100-ге жуық адам қатысты. Олардың қатарында Атырау МӨЗ-дің 50-ден астам қызметкері, Табиғи ресурстарды және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы, облыстық Экология департаментінің өкілдері, сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған №3 облыстық арнайы мектеп-интернаттың тәрбиеленушілері мен олардың ата-аналары, спорт секцияларының жас спортшылары және қала тұрғындары болды.

Қатысушылар бірлесе отырып, биіктігі 2,5-3 метр болатын 300 түп айлант көшетін отырғызды. Ағаштың бұл түрі өңірдің құрғақ климаты мен сортаң топырағына төзімділігімен ерекшеленеді. Айта кетейік, бұған дейін санитарлық-қорғау аймағындағы жасыл желектерді күтіп-баптауға жауапты мердігер ұйымның күшімен 700 түп көшет отырғызылған болатын. Осылайша, бір апта ішінде аумаққа барлығы 1 000 түп ағаш егілді.

Атырау МӨЗ қоршаған ортаны қорғау бөлімінің басшысы **Мөлдір Борашеваның** айтуынша, санитарлық-қорғау аймағын көгалдандыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

– Мұндай шаралар бізде жиі ұйымдастырылады. Биыл көктемде 3 мың түп ағаш отырғызылды. Бүгін санитарлық-қорғау аймағына тағы 300-ге жуық айлант көшетін егіп жатырмыз. Бұл ағаш құрғақ әрі сортаң жерге төзімді. Осындай игі істерге келешек ұрпақты да баулу арқылы олардың табиғатқа деген жанашырлығын арттырамыз деп ойлаймын, – деді ол.

Акцияға Атырау облысы бойынша Экология департаментінің өкілі де қатысып, кәсіпорынның бастамасына қолдау білдірді.

– Бүгін зауыт ұйымдастырған ағаш отырғызу жұмыстарына біз де қатысып жатырмыз. Осындай игі шараға шақырып, бірге атсалысуға мүмкіндік берген зауыт басшылығына алғыс айтамыз. Бұл – қаламыздың экологиясы мен еліміздің болашағы үшін қажет іс. Қазір балабақшаларда, мектептер мен колледждерде де табиғатты қорғауға бағытталған шаралар жиі өткізіліп жүр. Мұндай бастамалардың көбейгені қуантады. Ағаш отырғызу жұмыстары алдағы уақытта да жалғаса берсін, – деді департаменттің бас маманы **Ақтолқын Қалдыбаева**.

Көгалдандыру акциясына қатысқан жастар да ортақ іске өз үлестерін қосты. Солардың бірі – атыраулық су добы спортшысы **Мариф Сараджов**. Ол бұған дейін ағашты тек өз ауласында отырғызғаның, ал бұл жолы командасымен бірге қаланы көгалдандыруға атсалысқанын айтты.

– Әсерім өте жақсы. Бәрінің бір-біріне көмектесіп, жұмыла жұмыс істеп жатқаны ұнады. Ұйымшылдық сезіледі. Бұрын ағашты тек өз ауламда отырғызатынмын. Ал бүгін командамызбен бірге қаламызға пайдамызды тигізу үшін келдік, – деді жас спортшы.

Шара соңында қатысушыларға түскі ас ұйымдастырылып, көгалдандыру жұмыстарына белсенді атсалысқан №3 облыстық арнайы мектеп-интернаттың тәрбиеленушілеріне алғыс хаттар табысталды.

Кейінгі күндері күзгі көгалдандыру науқаны аясында тағы 2 000 түп шаған көшеті отырғызылды. Атырау МӨЗ санитарлық-қорғау аймағын көгалдандыру жұмыстарын алдағы уақытта да жалғастырады. Кәсіпорынның бұл бастамасы жасыл желек аумағын кеңейтумен қатар, тұрғындарды, әсіресе өскелең ұрпақты табиғатты аялауға және туған қаласының көркеюіне үлес қосуға үндейді.

Глава КазМунайГаза посетил производственные объекты

2

KMG Skills 2026: Атырау МӨЗ қызметкерлері үздіктер қатарында

3

ВИЗИТ

Глава КазМунайГаза посетил производственные объекты

В рамках рабочей поездки в Атыраускую область председатель Правления АО НК «КазМунайГаз» Асхат ХАСЕНОВ посетил АНПЗ.



Он осмотрел основные производственные объекты предприятия. Председателю правления представили программу повышения экологической эффективности, включающую 18 природоохранных мероприятий общей стоимостью около 174 млрд тенге.

В их числе – замена горелок технологических печей, модернизация установки фракционирования газа, строительство новой насосной станции и блока возврата факельных газов, а также блока улавливания паров на установке замедленного коксования. Работы по замене горелок начались в 2024 году на установке ЭЛОУ-АВТ-2 и будут продолжены. В ноябре горелки заменят в котле №10, затем работы проведут на других установках.

Как известно, на границе СЗЗ предприятия расположены экологические посты «Перетаска», «Химпосёлок», «Мирный» и «Пропарка». Данные мониторинга ежечасно направляются в РГП «Казгидромет» и поступают на платформу AIR KZ. С 8 октября информация с экологических постов также доступна на официальном сайте завода. До конца года для совершенствования системы экологического контроля планируется модернизировать автоматизированные посты.

На совещании также рассмотрели вопросы промышленной безопасности, охраны труда и цифровизации, а также проекты по повышению операционной эффективности и надёжности предприятия.

Асхат Хасенов поручил руководству АНПЗ строго соблюдать сроки реализации природоохранных мероприятий и обеспечить стабильную, безопасную и бесперебойную работу предприятия.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Румыниялық студенттер зауытта

Атырау мұнай өңдеу зауыты шетелдік студенттер үшін өндіріс әлемімен жақынырақ танысуға мүмкіндік берді. 20 қазанда кәсіпорынға Румынияның Плоешти мұнай-газ университетінің студенттері келіп, мұнай өңдеу технологиялары мен зауыттың тарихы туралы мол мағлұмат алды.



Румыниялық жастар бүгінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінде білім алып жүр. Болашақ мамандардың зауытқа сапары теориялық білімдерін нақты өндірістік тәжірибемен ұштастыруға бағытталды.

Экскурсия барысында зауыт мамандары қонақтарға кәсіпорынның негізгі технологиялық қондырғылары, мұнайды өңдеу кезеңдері және өндірісте қолданылатын заманауи технологиялар туралы әңгімеледі. Әсіресе, студенттер дайын мұнай өнімдерінің сапасын бақылау, көмірсутекті газдарды өңдеу және күкірт өндіру процестеріне қызығушылық танытып, өздерін толғандырған сұрақтарға жауап алды.

Сапардың келесі бөлігі зауыт мұражайында жалғасты. Мұнда шетелдік қонақтар Қазақстандағы тұңғыш мұнай өңдеу зауытының қалыптасу тарихымен, алғашқы өндірістік жетістіктерімен және жылдар бойғы даму кезеңдерімен танысты.

Экскурсия соңында румыниялық студенттер зауыт ұжымына жылы қабылдауы мен мазмұнды таныстыру бағдарламасы үшін алғыс білдірді. Сондай-ақ олар мұнай өңдеу саласының қыр-сырын тереңірек білу мақсатында кәсіпорынға тағы да келуге ниетті екендерін жеткізді.

Мұндай кездесулер болашақ мамандардың кәсіби танымын кеңейтіп қана қоймай, білім беру мен өндіріс арасындағы байланысты нығайтуға, халықаралық тәжірибе алмасуға да жол ашады.

ҚАУІПСІЗДІК МӘДЕНИЕТІ

Қысқы жолға дайындық: әр бөлшек маңызды

Күздің салқын лебі сезіле бастағанда, жолдағы қауіпсіздікке қойылатын талап та күшейе түседі. Қысқа дайын көліктің әр бөлшегі мінсіз жұмыс істеуі керек: тежегіші сенімді, шамдары жарық, шиналары маусымға сай болуы қажет. Осы талаптардың қалай тексерілетінін көру үшін редакция көлік қауіпсіздігі инженері Қайрат ОҢҒАРБАЕВПЕН бірге көліктер жиналған алаңға барды.

Ең алдымен тексеріс көлікке сырттай шолу жасаудан басталады. Қайрат Оңғарбаев дөңгелектерді, жарық құралдарын, айналарды, әйнек тазалағыштарды және көлік айналасындағы жағдайды назардан өткізеді *«Бірінші кезекте қозғалыс қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін техникалық жағдай тексеріледі. Тежеу жүйесі, рульдік басқару, шиналар, сыртқы жарық құралдары, әйнек тазалағыштар мен қауіпсіздік белдіктері қаралады»,* – дейді Қайрат Оңғарбаев.

Тексеріс қозғалыс басталар алдында да жүргізіледі. Жүргізуші көлікті айнала қарап, 360 градус шолу жасауы керек: шиналар мен дөңгелек бекітпелерін, сұйықтықтың аққан-ақпағанын, жарық құралдары мен айналарды, шанақтың күйін және жүктің бекітілуін тексереді. Көліктің маңында адам, бөгде зат немесе қозғалысқа кедергі келтіретін қауіп болмауы қажет. Қыс мезгілінде әйнектерді, айналар мен шамдарды қар мен мұздан



Одан кейін көлікке қажетті құжаттар мен жабдықтардың бар-жоғы бағаланады. Техникалық байқаудан өткені туралы құжат, сақтандыру полисі, тіркеу құжаттары, жолдама парағы және жүргізушінің көлікті басқаруға рұқсаты тексеріледі. Дәрі қобдишасы, өрт сөндіргіш пен апаттық тоқтау белгісінің болуы да назарда. *«Басымдық адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей әсер ететін талаптарға беріледі»,* – деп түсіндіреді инженер.

Қыс жақындаған сайын көліктің кейбір жүйелеріне түсетін салмақ та артады. Суық температура мен жол жағдайының нашарлауы шинаның, тежеу жүйесінің, аккумулятордың, оталдыру және қуаттау жүйелерінің жұмысына әсер етуі мүмкін. Сондықтан салқындату жүйесі, маусымға сай жанармай мен техникалық сұйықтықтар, жылыту жүйесі де тексеріледі. Әйнек тазалағыштар мен жуғыштың, фаралар мен габариттік шамдардың дұрыс жұмыс істеуі жүргізушінің жолды көруіне және басқа көліктерге байқалуына қажет.

Күзгі-қысқы кезеңде жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол жағдайы күрделенген кезде жедел әрекет ету мақсатында тиісті мемлекеттік органдардың, жол және коммуналдық қызметтердің, сондай-ақ мердігер ұйымдардың өзара іс-қимыл орнатылды. Бұл бастама жолдағы жағдай туралы жедел ақпарат алмасуға және туындаған мәселелерді уақытылы шешуге бағытталған.

Шиналарды қарау да жеке назардыталапетеді.Қысқытаңбаның болуы жеткіліксіз: протектордың тереңдігі мен шинаның жалпы жай-күйі бағаланады. Қайрат Оңғарбаев қысқы шиналардағы протектордың қалдық тереңдігі кемінде 4 мм болуы керектігін айтады. Шинада корд жіптері ашылып қалатын жыртықтар, тесіктер және қабаттардың ажырауы сияқты зақымдар болмауы тиіс. Оның өлшемі мен жүк көтерімділігі көлік моделіне сәйкес болуы, ал бір өстегі шиналар түрі мен күйі жағынан бірдей болуы қажет.

тазарту да осы тексерістің бір бөлігі.

«Мұндай қарап-тексеру ақауларды көлік жолға шықпай тұрып анықтауға мүмкіндік береді. Ал бақылау парағы жүргізуші мен мердігер ұйымның жауапты мамандары тексерісті орындағанын құжат жүзінде растайды», – дейді Қайрат Оңғарбаев.

Егер тексеру кезінде сәйкессіздік анықталса, ол актіде тіркеледі. Қажет болған жағдайда фотоға түсіріліп, бұзылған талап пен анықталған жағдай көрсетіледі. Тежеу жүйесі немесе рульдік басқару істемесе, шина зақымданып корды ашылса не жарық құралдары жарамсыз болса, көлікті пайдалануға жіберуге болмайды. Мұндай ақаулар жойылғанға дейін көлік пайдаланудан шеттетіледі.

Қайрат Оңғарбаев көлікті қысқа дайындауды алғашқы аязға қалдырмауға кеңес береді. Шиналарды уақытында ауыстырып, тежегішті, аккумуляторды, салқындату жүйесі мен жарық құралдарын алдын ала тексеру қажет. Жүргізушілер рейс алдындағы тексерісті өздері жүргізіп, маусымға сай жанармай мен техникалық сұйықтықтарды қолдануы тиіс. Көктайғақ, тұман немесе қатты жел кезінде жылдамдықты азайтып, арақашықтықты ұлғайту керек. Электрондық көмекші жүйелер жүргізушінің мұқияттығын алмастырмайды.

Көлік қауіпсіздігі айлығы 2026 жылғы 7 қазан мен 7 қараша аралығында өтеді. Осы кезеңде зауыт аумағында көліктердің техникалық жағдайы, қауіпсіздік белдіктерінің қолданылуы, жылдамдық режимі мен тұрақ ережелерінің сақталуы іріктемелі түрде тексеріледі. Мердігер ұйымдар көліктердің күзгі-қысқы кезеңге дайындығын 31 қазанға дейін тексеріп, нәтижесін актімен рәсімдеуі тиіс.

Алаңдағы тексеріс бір жайтты анық көрсетеді: қауіпсіз сапар кілт бұрылған сәттен бұрын басталады. Ол көліктің әр торабын уақытында тексеріп, жолға шығар алдында ықтимал қатерді байқаудан басталады.

КӘСІБИ ДАМУ

KMG Skills 2026: Атырау МӨЗ қызметкерлері үздіктер қатарында

Кәсіби шеберлік күнделікті еңбекте шыңдалып, білім мен тәжірибе сынға түскен сәтте айқын көрінеді. KMG Skills чемпионаты мамандарға кәсіби деңгейін байқатып, өзара тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Биыл Атырау мұнай өңдеу зауытының екі қызметкері байқауда жүлделі орындарға ие болды.

Чемпионат қорытындысы бойынша Дана Серік «Химиялық талдау лаборанты» номинациясында 1-орын иеленсе, Айбек Оңғарбаев «Компрессорлық қондырғылар машинисі» аталымында 3-орынға ие болды.

Чемпионат жаңа форматта, әлемдік өндіріс талаптарына сай ұйымдастырылды. Жарыс үш кезеңнен тұрды: өрт және еңбек қауіпсіздігі, алғашқы дәрігерлік көмек көрсету және практикалық тапсырмалар. Қатысушылар әр кезеңде білімін, ептілігін және тапсырманы белгіленген уақытта қатесіз орындау қабілетін көрсетті.

Айбек Оңғарбаевтың айтуынша, чемпионат тапсырмалары оның күнделікті өндірістік жұмысына жақын болғандықтан, арнайы ұзақ дайындалудың қажеті болмаған. Дегенмен әр кезеңнен қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтап, білімі мен тәжірибесіне сүйене отырып өту маңызды еді.



– Ең бастысы – адам өмірі мен қауіпсіздігі. Жарыс барысында білім мен ептілік қажет болды. Әр кезеңге белгіленген уақыт бар, сол уақыт ішінде тапсырманы қатесіз орындау маңызды. Қатысушылардың бәрі мықты болды – әрқайсысы өз мекемесінен үздік атанып келген мамандар, – дейді Айбек.

Оның сөзінше, чемпионат – өзара тәжірибе алмасуға да жақсы мүмкіндік. Қатысушылар басқа мекемелердің мамандарымен танысып, өндірісте қолданылатын технологиялық жабдықтардың ерекшеліктері, тиімді тұстары мен жұмыс барысындағы артықшылықтары туралы мәлімет алды.



– Жүлделі орын бұйырса, әрине, кез келген адам қуанады. Ал чемпионатқа қатысудың өзі – жаңа тәжірибе жинап, басқа өндіріс өкілдерімен танысуға жақсы мүмкіндік, – деп түйіндеді ол.

Айта кетейік, чемпионаттың екі бағыты бойынша практикалық кезең Атырау МӨЗ алаңында өтті. Оның бірі – Орталық зауыт зертханасында, екіншісі жөндеу-механикалық цехында ұйымдастырылды. Осылайша, сайыс барысында зауытта өткен кезеңдерге қатысқан мамандармен тілдесуге мүмкіндік туды. Солардың бірі – «Химиялық талдау лаборанты» аталымында жеңімпаз атанған **Дана Серік**.

Ол зауытта 2022 жылдан бері еңбек етеді. Чемпионатқа алғаш рет қатысқан маман дайындыққа бір аптадай уақыт бөлген.

– Дайындық кезінде еңбек қауіпсіздігіне ерекше мән беріп, әр тапсырманы мұқият орындауға тырыстым. Бастапқыда қобалжу болды. Бірақ тапсырмаға кіріскен соң бар назарымды жұмысқа аударып, қобалжуым басылды, – дейді Дана.

Практикалық кезеңде қатысушылар талдау жасап, тығыздықты анықтады. Дана үшін тапсырманы орындау барысында уақытты тиімді пайдалану да маңызды болған.

– Ең бастысы, қолымнан келгеннің бәрін жасауға тырыстым. Сайыс кезінде жылдамдыққа бейімделіп, уақытқа көбірек мән бердім. Чемпионатта көп нәрсе үйрендім. Мұндай тәжірибе өз саламда кәсіби тұрғыда өсуіме мүмкіндік береді», – деп бөлісті жеңімпаз.

Дана үшін алғашқы чемпионаттағы жеңіс – үлкен мақтаныш әрі алдағы жұмысына серпін. Ол болашақта тағы да бақ сынап, кәсіби тәжірибесін толықтыра түсуге дайын екенін айтады.

Дана Серік пен Айбек Оңғарбаевты лайықты жетістіктерімен құттықтаймыз! Кәсіби жолда табыс пен жаңа белестер тілейміз!

ПРОФФЕСИОНАЛЬНЫЙ ПРАЗДНИК

«Желаю всем сухих рукавов»

В пожарной части №19 ЗФ ТОО «Семсер – Өрт сөндіруші» дежурство, подготовка и работа, начинается задолго до сигнала тревоги.

19 октября в Казахстане отмечается День спасателя. В общей системе безопасности АНПЗ важную роль играет отдел пожарной и газовой безопасности, гражданской обороны и чрезвычайных ситуаций. Он взаимодействует с пожарной частью №19 ЗФ ТОО «Семсер – Өрт сөндіруші», специалисты которой обеспечивают дежурство и готовы действовать при возникновении пожара. О повседневной работе подразделения, его взаимодействии с АНПЗ и подготовке пожарных рассказали **начальник части Аманжол ДЖАПАЕВ и старший инструктор по профилактике пожарной и газовой безопасности Роллан ТАУМАНОВ**.

Пожарная часть сформировалась до строительства завода. С тех пор она работает рядом с предприятием, меняясь вместе с ним. *«С заводом мы идём вместе с самого начала»,* – отмечают собеседники.

Рабочий день караула начинается в 7:30. Заступающая смена принимает технику, проверяет её готовность и пожарно-техническое вооружение, после этого караул заступает на дежурство. Дежурный караул постоянно находится в боевой готовности, согласно ежедневному плану работы караул выезжает на дежурство на особо опасные участки. На дежурство выезжает четыре или более пожарных автомобилей. Ещё три автомобиля остаются оперативными – на случай, если потребуется немедленное реагирование.

Пока дежурные пожарного поста несут службу, начальник караула проводит с личным составом ежедневные теоретические занятия. Наряду с дежурным караулом ежедневно приступает к работе инструкторский состав. Они обеспечивают профилактическое мероприятие по недопущению пожара на территории завода, а также проводят инструктажи на предмет пожарной и газовой безопасности.

Дежурный караул ежедневно отрабатывает действия на занятиях и учениях, поддерживает профессиональную форму и закрепляет обязанности каждого участника боевого расчёта. Тренировки проходят и днём, и ночью. Некоторые сценарии заранее не раскрывают: элемент неожиданности помогают проверить, насколько уверенно команда действует в обстановке, приближенной к реальной. По итогам учений ошибки разбирают, а действия отрабатывают снова.

Для пожарного подразделения важно знать особенности предприятия и быть готовым действовать в любое время суток. *«АНПЗ – объект повышенной опасности. Здесь каждый должен знать правила выезда по тревоге. Поэтому мы регулярно тренируемся и должны быть готовы действовать в любое время»,* – подчёркивают специалисты.

В момент тревоги времени на долгие раздумья нет: каждый знает свою задачу, а многократные тренировки помогают действовать слаженно. Психологическая готовность не менее важна, чем физическая. *«Все покидают опасное место, а пожарные, наоборот, идут навстречу опасности»,* – так собеседники описывают внутреннюю готовность к работе. За этими словами – ответственность и осознанный выбор людей, которые каждый день приходят на службу.

Один из собеседников Роллан Тауманов с юности мечтал носить погоны и успел поработать в городской противопожарной службе. За годы службы он видел, к чему может привести человеческая беспечность. Поэтому даже в обычной жизни невольно замечает возможные источники опасности – например, оставленные без внимания электроприборы, или огонь, разведённый во дворе. *«После увиденного начинаешь по-другому смотреть на безопасность. Многих происшествий можно избежать, если быть внимательнее»,* – отмечает он.

В преддверии Дня спасателя работники противопожарной службы призывают коллектив завода соблюдать правила пожарной безопасности в быту и на работе. А коллегам желают спокойных дежурств и благополучия их семьям.

«Пусть каждый работник завода и его семья всегда будут в безопасности. Пожар легче предупредить, чем потушить. А коллегам из противопожарной службы желаю сухих рукавов, ведь если пожарные рукава остаются сухими, значит, пожаров не было», – заключил А. Джапаев.



ЭКОЛОГИЯ

Слушания по КЭР состоялись

Атырауский нефтеперерабатывающий завод (ТОО «АНПЗ») совместно с АО НИПИ «Каспиймунайгаз» провёл общественные слушания по проектной документации для получения комплексного экологического разрешения (КЭР).



В обсуждении приняли участие представители АНПЗ и государственных органов, преподаватели и студенты вузов, экоактивисты и жители города. Участники рассмотрели представленные материалы и задали специалистам вопросы о природоохранных обязательствах предприятия, ожидаемых результатах и порядке контроля за их выполнением.

Слушания стали очередным этапом процедуры получения КЭР. Теперь АНПЗ ожидает итоги рассмотрения представленной документации и решения по выдаче разрешения. В случае получения КЭР предусмотренные программой повышения экологической эффективности мероприятия и установленные показатели станут обязательными для предприятия. Их выполнение будет контролироваться государственными органами, а завод будет отчитываться о ходе реализации программы.

АУА МОНИТОРИНГІ

Ауа сапасы туралы ақпарат – ашық әрі қолжетімді

Қала тұрғындары енді Атырау мұнай өңдеу зауыты маңындағы атмосфералық ауаның жай-күйін ресми сайттан бақылай алады. Экологиялық бекеттерден алынған мәліметтер кәсіпорын сайтының басты бетінде жарияланып, сағат сайын жаңартылып отырады.



«Перетаска», «Химпоселок», «Мирный» және «Пропарка» экопосттары санитариялық-қорғау аймағының шекарасында орналасқан. Мұнда ауадағы күкіртсутек, азот оксиді мен диоксиді, күкірт диоксиді және көміртек оксидінің мөлшері, сондай-ақ желдің бағыты көрсетіледі. Деректер «Қазгидромет» РМК-дан тікелей келіп түседі.

Бұл ақпаратты зауыт аумағына кіреберістегі LED-экраннан да көруге болады. Осылайша, атмосфералық ауа көрсеткіштері тұрғындарға қолжетімді болып, қоршаған орта жағдайынан хабардар болуға мүмкіндік береді.

Атырау МӨЗ-де экологиялық мониторинг жүйесі 2010 жылдан бері жұмыс істейді. Ол атмосфералық ауаның сапасын үздіксіз бақылауға арналған. Кәсіпорын экологиялық қызметі мен атқарылған жұмыстың нәтижелері туралы жұртшылықты хабардар етуді жалғастырады.

ЕСТЕЛІК

Жүректе қалған Самат аға

Кей адамдардың орны жұмыс орнында ғана емес, күнделікті өмірде де ерекше сезіледі. Олар туралы сөз болғанда әріптестері атқарған қызметін ғана емес, бірге ішкен шайын, әзілін, ақылын, қиын сәтте көрсеткен көмегін еске алады. Самат Жолдығалиұлы Түкбаев та әріптестерінің жадында осындай ақкөңіл, еңбекқор әрі талапшыл жан болып қалды.

Самат аға еңбек жолын 1989 жылы ЖМЦ-де токарь мамандығынан бастаған. Екінші разрядтан бастап, тәжірибе жинақтап, біліктілігін біртіндеп арттырды. Үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы разрядтарға дейін көтеріліп, 2010 жылы токарь паркінің бригадирі, ал 2012 жылдан бастап токарь паркінің басшысы болды. Бұл – өз еңбегімен, табандылығымен жеткен жол. 2025 жылғы 7 қарашаға дейін осы бөлімнің жұмысын басқарып, ұжым алдындағы жауапкершілігін абыроймен атқарды.

Әріптесі Ғамзат аға Саматпен он бір жыл бірге жұмыс істеген. Оның айтуынша, Самат аға білгенін өзгеге үйретуге әрдайым дайын тұратын. Жаңа келген қызметкерлерді шақырып алып, жұмыс барысын түсіндіріп, білмегенін толықтыруға көмектесетін. Жастарға «үйреніңдер, оқыңдар» деп бағыт-бағдар беріп, ойын-сауық жарыстарына да тартып, ұжымның бірлігіне үлес қосатын.

– Біз білетін көп нәрсені Саматтан үйрендік десем, артық айтқаным емес. Ол адамды үйретіп қана қоймай, алға жетелейтін. Тәжірибесі мол, өз ісінің нағыз маманы еді, – деп еске алады Ғамзат аға.

Самат аға жұмыста ұқыптылық пен тәртіпті жоғары қоятын. Жазуының өзіне дейін мән беріп, әр істің жинақы, таза орындалуын талап ететін. Жұмыс орнын реттеп кетуді қадағалап, тапсырмаға салғырт қарағанды ұнатпайтын. Бірақ әріптестері оның талапшылдығының артында жаман ой болмағанын айтады. Сынды жеке басқа өткізбей, тек жұмысқа қатысты пікірін ашық жеткізетін. Қателессе, өз қатесін мойындай білетін, ренішті ұзақ сақтамайтын.

– Қазір ескерту айтады, артынша бәрін ұмытып, бірге шай ішіп отыра береміз. Жұмыста келіспей қалған кезіміз болса да, көп ұзамай қайта тіл табысып кететінбіз. Саматтың ашуы тез тарқап, ешкімге кек сақтамайтын. «Қуанышта да, қайғыда да бірге» деген сөз оған дәл келетін, – дейді әріптестері.

Ғамзат ағаның есінде Саматтың адамгершілігімен есте қалған бір оқиға ерекше сақталыпты. Әріптесінің отбасына қиын кезең туғанда, Самат қолдан келгенше көмектесіп, ұжым болып қолдау көрсетуге атсалысқан. Қажет кездерде жұмыс жағынан да түсіністік танытқан. Ол үшін әріптес деген тек бірге жұмыс істейтін адам емес, қуанышы мен қиындығын бөлісетін жақын жан еді.

Самат аға ұжымда ұйымдастырушылық қабілетімен де ерекшеленген, цехқа қажетті құрал-жабдық мәселесі туындаса, басшылықпен сөйлесіп, жұмыстың дұрыс жүруіне жағдай жасауға тырысатын. Сөзі өтімді, ортасына сыйлы болғанымен, мұны жеке басының беделі үшін емес, ортақ іске пайдасы тисін деп қолданатын. Мерекелерде де ұжымды жұмылдырып, Наурыз кезінде әріптестерінің ұлттық киім



киюін ұйымдастырғаны – жұмысқа деген ықыласы мен ортақ іске жанашырлығының бір көрінісі.

Әріптестері оның кітап оқуға құмарлығын да жиі айтады. Әңгіме арасында мақал-мәтел мен өлең жолдарын орынды келтіріп, Абайдың нақыл сөздерін де жиі айтатын. Сөзі салмақты, ойы орнықты еді. Жастарға қамқор болып, қолдау көрсетіп, олардың өсіп-жетілуіне көңіл бөлген.

Ермек аға Саматпен бірге жұмыс істеген әріптесі ғана емес, ауылдасы, досы әрі құрдасы болған. Екеуінің жастық шақтан қалған ортақ естеліктері көп. Бірде Самат аға Ермекке: «Бір қызбен танысып келдім», – дегенде, Ермек аға: «Сенің әйелің бар ғой», – деп таңырқапты. Сөйтсе, Самат өзі танысқан жақсы қызбен Ермекті жүздестіруді ойлаған екен. Сол қыз – Света болатын. Ермек аға Светамен шаңырақ көтеріп, бес баланың әкесі атанды.

– Жастық кезімізде бірге өткізген қызық көп. Қонаққа шақырғанда дастарқанымыз жұпыны болса да, көңіліміз бай еді. Палау, нан, қияр болса – соның өзі береке болатын. Сол кездердегі суреттерді кейде қарап, бірге отырған қуанышты сәттерді еске аламын, – дейді Ермек аға.

Осындай қарапайым естеліктерден Самат ағаның қандай адам болғаны көрінеді: жанындағы адамдарға жақын, қонақжай, қолындағысын бөлісуге дайын жан. Әріптестері оны еңбекке адалдығымен, ашық-жарқындығымен, ұқыптылығымен және адамға деген қамқорлығымен еске алады. *«Бір жыл өтті, бірақ дәл қазір кабинетке кіріп келетіндей сезіледі»* дейді олар. Цехта да, жұмыс орнында да Самат ағаның орны әлі бос тұрғандай.

Самат Жолдығалиұлының жарқын бейнесі мен жақсы істері оны таныған жандардың жүрегінде сақталады. Артында өнегелі еңбек жолы, құрметтеген ұжымы, аяулы отбасы мен жылы естеліктер қалды.

Осы орайда, Самат ағаның ұлы, әріптесіміз Асылан Жолдығалиев отбасы атынан достары, әріптестері мен марқұмды таныған барша қауымды 7 қараша күні сағат 13:00-де «Жұлдыз 2» мейрамханасында (О. Смағұлов көшесі, 41) өтетін еске алу асына шақырады.

«АМӨЗ ӘЛЕМІ» басылымы №21.
30 қазан 2026 жыл.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«АМӨЗ» ЖШС, Қабдолов к-сі, 1
тел.: 8 (7122) 25-95-84.

Газет «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Орал қ., Л. Толстой к-сі, 27/6.
Байланыс нөмірі:
50-51-46, 51-41-99.
Тиражы: 1500 дана.
Тапсырыс №4608.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ
бастығы – Ш.Какимжанова.
Caspian News ЖШС:
жетекшісі – К. Кертаев.
Редакторлар – Ж. Бисенова,
А.Ж. Сағынғали.
Суретке түсіруші – Б. Амантаев.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2024 жылғы 23 ақпанда тіркеліп, тіркеу туралы №KZ18VPY00088072 куәлігі берілген.

Газет редакциясы жарнама материалдары мен хабарландырулар, құттықтаулар және көңіл айту мазмұнына жауап бермейді.

АМӨЗ ӘЛЕМІ